

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ**

**«БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖЕКЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ПӘНДЕРДІ
ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ»
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

СЕМЕЙ 2024

МАЗМҰНЫ

- 1) Жалпы ережелер;
- 2) Глоссарий;
- 3) Бағдарламаның тақырыптары;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) Оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) Курстан кейінгі сүйемелдеу;
- 10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

1) Жалпы ережелер

Педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы білім беру ұйымдарындағы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын еңгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін әрбір білім беру мекемесіндегі ұжымның, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашатын жаңа практикаға өту қажеттігі туындайды.

Сондай-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру болып табылады.

Бағдарламада қарастырылған тақырыптар бастауыш сынып мұғалімдерінің жеке әдістемелік пәндерді оқытудағы жаңа тәсілдер аймағындағы білімдері мен кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіруге бағытталған.

2) Глоссарий

Әдістеме - ғылыми тұрғыда негізделген іс-әрекеттер, оқыту ережелері мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығы

Парадигма - құндылықтар мен болжамдарға негізделген әлемді тану моделі немесе әдісі

Аксиома - теорияның ақиқат (шындық) ең бастапқы қағидасы

Технология – өнімді өндіру процесінде жүзеге асырылатын материал, шикізат және жартылай шикізаттың формасын, қасиетін, күйін өзгерту, өңдеу, даярлау әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. (Энциклопедиялық сөздік)

Педагогикалық технология – білім беру мақсатын практикада тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәрбиелеу мен оқыту процесінің теориялық негізделген әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы (В.П.Беспалько)

Бастамашылдық - мектептің соңғы тәжірибесіне қажет дербестікті арттыру

Подкастинг - интернеттен жүктеуге болатын әдетте сериялары бар цифрлық аудио-медиа файлдарды жасау

Мақсат - оқушыларға сабақ нәтижесінде не істей алатындарын айту

Оқыту әдістері – оқытушы мен оқушылардың бірлесе жұмыс істеу барысында білім, іскерлік, дағды қалыптасып, оқушылардың дүниетанымы мен қабілеттерін арттыратын оқыту тәсілдері

Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіру тәсілдері

Іскерлік ойын әдісі - ойын сабақтарын дайындау, өткізу мұғалімнен де, оқушылардан да шығармашылық ізденісті, көп күш-жігер мен уақыт талап етеді.

Бағалау критерийлері – дағдыны дамыту үшін жоспарланған нәтижеге жетудің сипаттамасы

Бақылау - қандайда бір жәйттерді анықтау үшін ақпаратты жинақтау құралы

Есеп беру - оқу динамикасын көрсету үшін оның әр кезеңінде оқушылар мен оқытушының өзіндік жұмысы, бақылауымен бағалауын жазбаша түрде келтіру

Білік – адамның белгілі бір құбылыс, күрделі мәселе жөнінде ой жүгіртіп, өзінше пайымдай білу қасиеті.

Құзіреттілік – алған білім,білік, тәжірибе, мінез- құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс- әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті.

Портфолио (portfolio – ағылшын сөзі) – портфель маңызды құжаттар үшін арналған папка деген мағынаны білдіреді; оқушы немесе мұғалімнің оқып білім алу және басқа да салалардағы жетістіктерін тіркейтін, жинақтайтын, бағалайтын және қорытындылайтын жүйе, тәсіл.

Креативтілік (*creatio* латын тілінен тікелей аудармасы – «жасап шығару»; «жасырын күш»; «жасап шығаруға қабілеттілік».) – өнімді әрекет етуге дайын болу, жаңалық ашуға дайындығын көрсететін индивидтің тұлғалық сапасы. Индивидтің жоғары нәтижелерге жетуге деген тұрақты мотивтерінің болуы.

Жиынтық (суммативті) бағалау – бұл белгілі уақытта тақырыпты, тарауды үйрену соңында оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасу деңгейін анықтау.

Өзіндік жұмыс - оқушылардың білім алу барысын белсендіретін негізгі әдістердің бірі

Шығармашылық – жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту - ол оларды логиканың талаптарымен қаруландыру және осы талаптары оқу және практикалық іс-әрекетте қолдану дағдыларын жаттықтыру

Бастапқы жиынтық(кіріспе) - сабаққа жағдай жасау арқылы назар мен қызығушылықты арттыруға арналған жылдам «ояту» шарасы; сабақты түсінуге көмектесу үшін үйренушілердің алдыңғы білімі мен тәжірибесін іске қосудың (белсенді етудің) жолдарын іздеу

Нәтиже - стандартталған тест сияқты белгіленген мақсат пен критерийлерге сай өлшенетін оқу деңгейі

Цифрлық педагогика - оқыту сапасын арттыру үшін заманауи технологияларды таңдау және падаланудағы мұғалімдердің шеберлігі

Ерекше білім беру қажеттілігі - оқуда қиындықтары мен мүмкіндіктерінің шектеулілігіне қатысты арнайы оқытуды қажет ету.

3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

1. Аксиоматикалық оқыту технологиясы. Математика сабағында қолданылатын шығармашылық тапсырмалар
2. Белсенді әдістер негізі, мақсаты, қағидалары
3. Белсенді оқыту жүйесі
4. Жеке әдістемелік пәндерді оқытудағы белсенді әдіс-тәсілдер
5. Жеке әдістемелік пәндерді оқытуда жағымды психологиялық ахуал тудыратын ой-сергітулер.Топтарға бөлу тәсілдері
6. Жеке әдістемелік пәндерде оқушылардың өзіндік жұмыстары және оларды жүргізу технологиясы
7. Жеке әдістемелік пәндерді оқытуда оқушылардың білім, біліктілік және дағдыларын бағалаудың жаңаша әдіс- тәсілдері
8. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту ерекшеліктері
9. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту кезеңдері және оның сипаттамасы
10. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын стандартты емес және логикалық есептерді шешу арқылы дамыту
11. Математиканы оқыту үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытудың дидактикалық шарттар кешенін жүзеге асыру жолдары
12. Математиканы оқыту үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар

4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: Жеке әдістемелік пәндерді оқытуды белсенді әдістермен қамтамасыз етудегі арнайы жағдайларды ұйымдастыру және құру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейлерін жетілдіру.

Міндеттері:

- Жеке әдістемелік пәндерді оқытудағы белсенді әдістер топтамасы аясында білімдерін кеңейту;
- Педагогтердің кәсіби дербес дамуына жәрдемдесу;
- Ұстаздар арасында тәжірибе алмасуға негізделген іс-әрекеттер ұйымдастыру.

Күтілетін нәтижелері:

- Жеке әдістемелік пәндерді оқытуда заманауи педагогикалық технологиялар аясындағы білімдерін жетілдіреді;
- Білім беру процесін ұйымдастыру мен басқарудың инновациялық технологиялары мен заманауи әдіс-тәсілдерін, білім беру саласында кәсіби және әлеуметтік ынтымақтастық орнатуда тәжірибелік біліктерін кеңейтеді;
- Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту әдістемесінен білімдерін жетілдіреді

5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқу-тақырыптық жоспар

Модуль атаулары	Тақырыптар	Сағат саны
1-Модуль Әдістемелік пәндерді оқытудағы заманауи әдістер	Аксиоматикалық оқыту технологиясы Математика сабағында қолданылатын шығармашылық тапсырмалар	3
	Белсенді әдістер негізі, мақсаты, қағидалары	3
	Белсенді оқыту жүйесі	3
	Жеке әдістемелік пәндерді оқытудағы белсенді әдіс-тәсілдер	3
	Жеке әдістемелік пәндерді оқытуда жағымды психологиялық ахуал тудыратын ой- сергітулер.Топтарға бөлу тәсілдері	3
	Жеке әдістемелік пәндерде оқушылардың өзіндік жұмыстары және оларды жүргізу технологиясы	3
	Жеке әдістемелік пәндерді оқытуда оқушылардың білім, біліктілік және дағдыларын бағалаудың жаңаша әдіс- тәсілдері	3
2-Модуль Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту технологиясы	Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту ерекшеліктері	3
	Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту кезеңдері және оның сипаттамасы	3
	Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын стандартты емес және логикалық есептерді шешу арқылы дамыту	3
3-Модуль Математиканы оқыту үрдісінде төменгі сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту	Математиканы оқыту үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытудың дидактикалық шарттар кешенін жүзеге асыру жолдары	3
	Математиканы оқыту үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар	3

әдістемесі		
БАРЛЫҒЫ:		36

6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру

Кәсіби дамыту курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1. оффлайн форматта оқыту;
2. Синхронды оқыту жүйесімен қашықтықтан оқыту.

Біліктілікті арттыру курсы курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды.

Біліктілікті арттыру курсы оқытушылар мен тыңдаушылар арасында оқу процесінің тиімділігін арттыруға негізделген белсенді іс-әрекеттердің жүзеге асуына мүмкіндіктер туғызып ғана қоймай, кәсіби құзіреттіліктер деңгейінің артуына оң жағдай туғызады.

Біліктілікті арттыру курсын ұйымдастыру кезінде келесі оқыту формалары мен әдістері қолданылады: дәріс-диалог, кеңестер беру, шағын топтардағы жұмыс т.б.

7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

- Білім берудегі негізгі құжаттар;
- Бастауыш сыныпта оқыту мен тәрбие үрдісін ұйымдастыруды ғылыми негіздеу және әдістемелік қамтамасыз ету.

8) Оқу нәтижелерін бағалау

Курсты оқып бітіргеннен кейін тыңдаушылар курста қарастырылған модуль тақырыптары бойынша презентацияны қорғайды.

Бағдарламада қарастырылған модуль бойынша ғылыми және әдістемелік білімдерін анықтау үшін презентацияны бағалаудың өлшемдері анықталған:

1. Презентация мазмұнының бағдарлама тақырыбына сәйкестігі;
2. Әр модуль бойынша қарастырылған тақырыпқа жасалған презентацияның қысқа және мазмұнының жинақылығы.

9) Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курсты аяқтаған бастауыш сынып мұғалімдерін курс бағдарламасы аясындағы ақпараттармен ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету. Бұл

қамтамасыз ету арнайы байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер және т.б.) қолдану арқылы іске асырылады.

10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

- 1.Григг Расселл. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020.-600 бет.
2. Ибрагимов Р. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі мен технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Альмахан, 2021-324б.
3. Бөрібекова Ф.Б. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық /- Алматы, 2014.
4. Ибрагимов Р. Математика бастауыш курсының негіздері.Оқу құралы- Алматы, Альманахъ, 2021.-209 бет.
- 5.Мырзалиев К.Ж. Бастауыш сыныптардағы математикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар.Оқу құралы.- Алматы: Альманах, 2019-64б.
6. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар.Оқу құралы.-Алматы-2011
7. Бекболғанова А.Қ.Дәулеткулова А.Ө. Математиканы оқыту барысында төменгі сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту әдістемесі. Монография.-Алматы, Альманахъ, 2019.-198б.
- 8.Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері.Оқу құралы.А-2011

Қосымша әдебиеттер

1. Білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялар. Ұжымдық оқу-әдістемелік құрал.Семей.2014.-255б 5.
2. Жампеисова М.М. Модульдік оқыту технологиясы.Оқу құралы.Алматы, 2012
3. Матяш Н.В. Инновационные педагогические технологии.Проектное обучение.-Москва, 2011.-144 с.
4. Бұзаубақова Қ.Ж. Педагогикалық тренинг жеке тұлғаны дамыту құралы ретінде. Алматы 2006.
5. Стефановская Т.А. Технологий обучения педагогике в вузе. Москва 2000.
- 6.Құндақова А. Педагогикалық шеберлік негіздері:оқу құралы -Алматы,,2014
7. Турдалиева Ш.Т. «Қарым-қатынас психологиясы» Оқу құралы. –Алматы 2013-120 б.

Интернет ресурстар

- 1.<https://ziatker.kz/>
- 2.<https://www.tarbie.kz>
3. ust.kz